

"Талдықорған қаласының күрметті азаматы" атағын беру Ережесін бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2011 жылғы 22 сәуірдегі N 258 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2011 жылы 16 мамырда N 2-1-143 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 22 қазандағы N 80 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2012.10.22 N 80 шешімімен.

## Р К А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес Талдықорған қалалық мәслихаты  
**ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

## ШЕШІМ

## ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса берілген "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағын беру  
Ережесі бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Талдықорған қалалық мәслихатының әлеуметтік қорғау, зандылықты сақтау, азаматтардың құқықтары және қоршаған ортаны қорғау мәселесі жөніндегі комиссия төрағасы С. Жансенгіровқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Кезектен</i>	<i>тыс</i>	<i>XXXV</i>	<i>сессияның</i>
	<i>төрағасы,</i>		<i>қалалық</i>
<i>мәслихаттың хатшысы</i>		<i>M. Бопазов</i>	
Талдықорған		қалалық	мәслихаттың
2011	жылғы	22	сөүіріндегі
"Талдықорған		қаласының	құрметті
азаматы"	атағын	беру	Ережесін
бекіту	туралы	N	шешімімен
бекітілген			

## "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағын беру ЕРЕЖЕСІ

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағын беру ережесі" (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес өзірленген және "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағын беру тәртібін р е т т е й д і .

2. "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағы (бұдан әрі – Атақ):

1) қаланың экономикасын, ғылымын және мәдениетін, өнерін, білімін, денсаулық сақтау және әлеуметтік салаларын дамытуға үлес қосқаны.

2) мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, демократиялық, жариялылық және әлеуметтік прогресс, рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға қосқан ең б е г і .

3) спортта, мемлекеттік және әскери қызметте жеткен жетістігі.

4) қайырымдылық қызметі және мейірмандылығы.

5) халықаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты, бейбітшілікті, халықтар арасында достық пен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жемісті жұмысы.

6) азаматтардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғау жөніндегі белсенді қ ы з м е т і .

7) әдебиет және журналистикада жоғарғы көркем туындылары; коршаган табиғи ортаны сауықтырғаны үшін беріледі.

3. Атақ Талдықорған қаласының аумағында тұрақты тұрып жатқан қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына еңбек сінірген Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік азаматтарға беріледі.

## **2. Атақты беруге ұсынудың тәртібі**

4. "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағын беру туралы шешімді қала әкімінің ұсынуымен қалалық мәслихат қабылдайды.

5. "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағына ұсыну туралы кепілдемесін ұйымдардың, кәсіпорындардың, ведомстволардың, мекемелердің, қоғамдық бірлестіктердің, шығармашылық одактардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және басқалардың басшылары қала әкімі аппаратының қ а р а у ы на ұ с ы на д ы .

6. Атаққа ұсынылушиның кандидатурасы мен мінездемесі ол жұмыс істейтін ұйымның, кәсіпорынның, ведомствоның, мекеменің, қоғамдық бірлестіктің, шығармашылық одактың, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе басқаның еңбек ұжымындағы жиналыста қарастырылады.

7. Атаққа ұсынылушиның әрқайсысына қосымшаға сәйкес награда қағазы

толтырылады. Награда қағазында оның жеке басын күэландыратын құжаты бойынша тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орнының және лауазымының толық атауы наградаға ұсынылушының жеке басын сипаттайтын мәліметтер, саладағы және осы ұжымдағы жалпы еңбек өтілі, оның нақты сіңірген еңбегі, жұмысының тиімділігі мен сапасы туралы мәлімет, жұмысының негізгі нәтижелері

**көрсетіледі.**

8. Награда қағазында марапатталушиның нақты еңбек көрсеткіштері мен шығармашылық еңбектері, қызметінің тиімділігі мен сапасы туралы мәліметтер, негізгі жұмыс нәтижелері баяндалған, сондай-ақ қаланың әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани дамуына қосқан нақты үлесі көрсетілген

**мінездеме** **кеleтіріледі.**

9. Атақта ұсынылған ғалым, ғылым мен техника қайраткерлерінің награда қағаздарына ғылыми жұмыстарының тізімі, өнертапқыштар үшін – экономикалық тиімділігін көрсете отырып енгізілген жаңалығының тізімі, нотариус куэландырған жаңалығының куэлігінің көшірмесі немесе

**фотоқөшірмелері** **тіркеледі.**

10. Награда қағазына ұйымның, кәсіпорынның, ведомствоның, мекеменің, қоғамдық бірлестіктің, шығармашылық одақтың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары қол қояды, сондай-ақ басшылардың қолы қойылған ұйымның, кәсіпорынның, ведомствоның, мекеменің, қоғамдық бірлестіктің, шығармашылық одақтың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мөрімен

**бекітіледі.**

Награда қағазы компьютерлік техниканы пайдалана отырып, толтырылады. Награда қағазына 3\*4 сантиметр көлемінде 2 түрлі-түсті фотосурет тіркеледі.

11. Дұрыс ресімделмеген награда құжаттары қарауға қабылданбайды.

12. "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағы берілген адамдарға куәлік, төсбелгі және лента тапсырылады.

13. "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" кеуде белгісі мен куәлігін қала әкімі мен қалалық мәслихаттың хатшысы салтанатты жағдайда тапсырады.

14. Тапсырылғаны туралы хаттама жасалып, оған тапсырған адам қол қояды.

15. "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" атағы берілген адамдар туралы мәліметтер "Талдықорған қаласының құрметті адамдары кітабына" енгізіледі.

### **3. Куәліктің, төсбелгінің және лентаның сипаттамасы**

#### **Куәлік**

17. Куәлік қою көк түсті немесе қою күрәң түсті қатты қаптамадан жасалады, жайылған құйдегі қөлемі 6,5 x 18,5 сантиметр, сыртқы бетінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленіп, "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" деп баспа қаріппен мемлекеттік тілінде жазылған.

18. Куәліктің ішкі жағы ақ түсті ұсақ көк торкөздерімен, сол және оң жағында мемлекеттік және орыс тілдерінде: "Қазақстан Республикасы" және "Республика Казахстан" деген мәтіндер терілген, куәлік нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты және қалалық мәслихаттың қабылдаған шешімінің нөмірі, датасы және берілген күні көрсетіледі.

19. Ишкі оң жақ бетте Талдықорған қаласының таңбасы және "Талдықорған қаласы" деген сөз бар, ішкі сол жақ бетіне көлемі 3x4 сантиметр болатын сурет (анфас) жапсырылады. Суреттен төмен Талдықорған қаласы әкімінің қолы қойылады.

20. Куәлікке қойылған қол "Куәлікке арналған. Для удостоверений" мөрімен рассталады.

21. Куәліктің сол және оң жақ беттері ламинатталады.

## Төсбелгі

22. Төсбелгі гальваникалық жолмен жұқа қабатты никель мен алтын жалатылған төменгі температуralы металл қосындыларынан жасалады.

23. Атақтың төсбелгісі екі элементтен тұрады: кеудеге тағатын негіз және алқасы. Кеудеге тағатын негіздің іші көк түсті эмальмен құйылған, "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" деген жазуы бар.

Алқада Талдықорған қаласының таңбасы бейнеленген.

## Лента

24. Лента ұзындығы – 210 сантиметр, ені – 20 сантиметр көк түсті матадан жасалынған. Лентаның ортасында алтын түспен жазылған "Талдықорған қаласының құрметті азаматы" деген алтын түсті жіппен көмкерілген жазу бар. Екі жақ ұшы алтын түсті шашақтармен көмкерілген.

## 4. Атақтан айыру негіздемесі

25. Атақ берілген адам қылмыс жасаған, занды күшіне енгеннен сот шешімінен кейін, үлкен қофамдық наразылық тудыратын жағымсыз мінез-құлық көрсеткен жағдайда, атақ беру туралы кепілдеме енгізген органның ұсынысы бойынша қалалық мәслихаттың шешімімен атағынан айырылады.

26. Осы Ереженің 25-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша Атақтан

айырылған адам Атақ беруге қайта ұсынылмайды.

27. Сот шешімі бойынша заңсыз сотталғандар және толық ақталғандардың атаққа құқығы Талдықорған қаласы мөслихатының шешімімен қайта қайтарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК